

Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 16 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 18 ақпанда № 10280 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 17.11.2016 № 663 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 117-бабының 6-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 16.06.2023 № 171 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 17.11.2016 № 663 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (З. Оразалиева):

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Е.Н. Иманғалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А.Сәрінжіпов

Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 17.11.2016 № 663 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 117-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленген және оларды отбасына тәрбиелеуге беру мақсатында жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 16.06.2023 № 171 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай анықтаулар пайдаланылады:

1) ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған бала (балалар) – ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айырылуына, хабарсыз кеткен деп танылуына, қайтыс болған деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелген деп танылуына, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, бала тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде баланы тәрбиелеу немесе медициналық ұйымнан алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-ана қамқоршылығы болмаған және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өз құқықтары мен мүдделерінің қажетті қорғалуын қамтамасыз етуге мұқтаж болған өзге де жағдайларда жалғыз ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынан айырылған бала (балалар);

2) Республикалық деректер банкіндегі жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың бастапқы есебі – бұл жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтаған сәттен бастап есепке алу және оларды анықталған жері бойынша бір ай ішінде орналастыруды қамтамасыз ету;

3) жетім бала (балалар) – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз анасы (әкесі) қайтыс болған бала (балалар);

4) Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың

республикалық деректер банкі (бұдан әрі – Республикалық деректер банкі) – жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы, сондай-ақ жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдар туралы мәліметтерді қамтитын деректер базасы;

5) Республикалық деректер банкіндегі жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың орталықтандырылған есебі – бұл Қазақстан Республикасының аумағында орналастыруды қамтамасыз ету үшін Республикалық деректер банкіне өңірлік есепке қойған сәттен бастап екі ай ішінде орналыстырылмаған жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың есебі;

6) Республикалық деректер банкіндегі жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың өңірлік есебі – бұл облыста, республикалық маңызы бар қалада және астанада Республикалық деректер банкіне бастапқы есепке қойған сәттен бастап бір ай мерзімде орналастырылмаған жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың есебі.

3. Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды толық және жан-жақты есепке алу үшін Республикалық деректер банкінің бастапқы, өңірлік және орталықтандырылған есебіне алу жүргізіледі.

2 - тарау. Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру тәртібі

4. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтауды ата-ананың қамқорлығының болмауы туралы өздеріне белгілі болған барлық жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.

5. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтаған немесе олар туралы ақпарат түскен кезде олар анықталған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың органы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланың сауалнамасына (электронды нысанда) олар туралы мәліметтерді енгізу арқылы Республикалық деректер банкінің бастапқы есебіне қояды.

5-1. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымның басшысы, әлеуметтік педагогі (әлеуметтік қызметкері) (бұдан әрі – әлеуметтік педагог) баланы ұйымға орналастырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде танысу үшін еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа жұмыс күндерін ескере отырып, балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдармен танысу және қарым-қатынас жасау үшін "Бару кестесін" қалыптастырады.

Басшы, әлеуметтік педагог "Бару кестесін" түзеткен жағдайда, баланың сауалнамасы 1 (бір) жұмыс күні ішінде "Бару кестесін" бекітетін органға келісуге жіберіледі.

Бекітілген "Бару кестесі" негізінде балаларды өз отбасыларына тәрбиелеуге қабылдағысы келетін адамдар балаға жазылады және 1-1-қосымшаға сәйкес танысу мақсатында балаға баруға жолдама алады.

Ескерту. 2-тарау 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 21.02.2022 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.02.2024 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

6. Кодекстің 117-бабының 5-тармағына сәйкес жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұратын жері бойынша ауданның, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың органы олар туралы мәліметтер түскен күннен бастап бір ай ішінде баланы отбасына тәрбиелеуге (асырап алуға, қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа, баланы қабылдайтын отбасына) беру арқылы орналастыруды қамтамасыз етеді .

7. Ауданның, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың органы баланың сауалнамасына мынадай құжаттарды бар болғанда тіркейді:

1) баланың жеке басын куәландыратын құжаттар (туу туралы куәлік электрондық нысанда немесе оның қағаз түріндегі көшірмесі, жеке куәлік);

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 13 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10288 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға беру туралы рұқсат беру мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды беретін комиссияның қызметі мен құрамын айқындаудың қағидаларына сәйкес балаларды асырап алуға беру туралы рұқсат беру мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы комиссия қорытындысының көшірмесі;

3) ата-анасы (ата-аналары) қайтыс болған бала үшін ата-анасының (ата-аналарының) қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесі немесе хабарлама;

4) адасып қалған (тастанды) балаға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша адасып қалған (тастанды) баланы жеткізу туралы акт;

5) ата-аналық құқықтардан бас тартқан балаға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ата-аналық құқықтардан бас тарту және бала асырап алуға келісім беру туралы өтініш;

6) тастап кеткен балаға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланы денсаулық сақтау ұйымында тастап кету туралы акт;

7) баланың жеке басын куәландыратын құжаты болмаған жағдайда осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеу және құжаттандыру туралы қолдаухат;

8) адасып қалған (тастанды) балаға осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұрғылықты мекенжайын анықтау туралы қолдаухат;

9) адасып қалған (тастанды) балаға осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша адасып қалған (тастанды) баланы жеткізу туралы актіде көрсетілген мекенжайға бару актісі;

10) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланың туыс-туғандарының бар-жоғы туралы анықтама;

11) жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйым басшысының асырап алуға келісімі;

12) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерде тұратын туыстарынан, Қазақстан Республикасының азаматтарынан асырап алуға ұсынылған балалардан бас тартуларын растайтын қолхат;

13) осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланың денсаулық жағдайы туралы дәрігердің қорытындысы.

14) осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 0-ден 5 жасқа дейінгі баланың дамуындағы психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктер туралы есеп;

15) осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 6 жас және одан да асқан баланың дамуындағы психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктер туралы есеп.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 18.08.2022 № 374 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген құжаттардың бірі бар болған жағдайда, баланың сауалнамасы түзетілуге тиіс.

9. Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды Республикалық деректер банкінің бастапқы есебіне қою күні ретінде ауданның, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың органы баланың ресімделген сауалнамасын Республикалық деректер банкінде тіркеген күні саналады.

10. Республикалық деректер банкінің бастапқы есебіне қойылған күннен бастап бір ай өткен соң нақты тұрғылықты жері бойынша отбасына тәрбиелеуге орналастырылмаған жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар Республикалық деректер банкінің өңірлік есебіне автоматты түрде ауыстырылады.

11. Республикалық деректер банкінің өңірлік есебінде тұрған ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың есебін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың органы жүргізеді.

12. Жетім баланы, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланың сауалнамасына Республикалық деректер банкінің өңірлік есебі нөмірі берілген күн оны Республикалық деректер банкінің өңірлік есебіне қою күні болып саналады.

13. Осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген құжаттары бар болған жағдайда отбасына тәрбиелеуге (асырап алуға, қорғаншылық немесе қамқоршылыққа, патронатқа, баланы қабылдайтын отбасына) орналастырылмаған жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың сауалнамалары Республикалық деректер банкінің өңірлік есебіне қойылған күннен бастап екі ай ішінде Республикалық деректер банкінің орталықтандырылған есебіне автоматты түрде ауыстырылады.

14. Жетім баланы, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланың сауалнамасына Республикалық деректер банкінің орталықтандырылған есебі нөмірі берілген күн ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы Республикалық деректер банкінің орталықтандырылған есебіне қою күні болып саналады.

15. Жалғыз ата-анасы немесе екеуі де:

- 1) бас бостандығынан айыру орындарында;
- 2) іздестірілуде;
- 3) ата-ана құқықтарынан шектелген;

4) ұзақ мерзімді емделуде болған жағдайда балалар Республикалық деректер банкінің орталықтандырылған есебіне қойылмайды.

16. Ата-анасы ата-ана құқықтарынан айырылған балалардың сауалнамалары ата-ана құқықтарынан айыру туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап алты ай өткен соң Республикалық деректер банкінің өңірлік немесе орталықтандырылған есебіне ауыстырылады.

17. Бала туралы мәліметтер өзгерген кезде немесе жаңартылған кезде оның сауалнамасында республикалық деректер банкінде қамтылған, орналасқан жері бойынша ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, Республикалық маңызы бар қаланың, астананың органы бала мәліметтер келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде баланың сауалнамасына мынадай өзгерістер енгізеді:

ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың ата-аналарының қамқорлығынсыз балалардың ата-аналардың (жалғыз ата-анасының) қамқорлығынсыз қалудың (болмауының) жайдайы өзгеруі туралы;

балалардың денсаулық жағдайы, балалардың дамуының психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктері туралы;

ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған бір ұйымнан басқа ұйымға ауыстыру туралы;

кәсіптік оқу орнына оқуға түсу туралы.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 16.06.2023 № 171 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Баланың табылған жері бойынша ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың органы үш жасқа дейінгі жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың фотосуреттерін жылына бір рет, үш жастан он сегіз жасқа дейінгілердікі – үш жылда бір рет жаңартады.

19. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың сауалнамалары олар отбасына орналасқан жағдайда (қорғаншылық немесе қамқоршылық, патронаттық тәрбие, бала асырап алу, баланы қабылдайтын отбасы) кәмелет жасқа толғанға дейін толық әрекетке қабілеттілікке ие болған, ата-аналарына (ата-анасына) қайтарылған, сот оларды қайтыс болған немесе хабар-ошарсыз кеткен деп таныған кезде Республикалық деректер банкінің бастапқы, өңірлік және орталықтандырылған есебінен автоматты түрде алынады.

3-тарау. Жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы ақпаратқа қол жеткізу тәртібі

20. Органдар мен Қазақстан Республикасының балалар құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Республикалық деректер банкіне енгізілген ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы құпиялы ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

21. Республикалық деректер банкінің бастапқы, өңірлік және орталықтандырылған есебінде тұрған ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы ақпаратқа қол жеткізуді органдар мен Қазақстан Республикасының балалар құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы соттың, прокуратура, ішкі істер органдарының сұрауы негізінде ұсынады, сондай-ақ балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдар Республикалық деректер банкінде тіркелген және Кодекстің 118-3 бабының 1-тармағына сәйкес Республикалық деректер банкінің мәліметтерін жария етпеу туралы міндеттемелерді қабылдаған жағдайда іске асырылады.

Жетім балаларды және
ата-аналарының
қамқорлығынсыз қалған
балаларды есепке алуды
ұйымдастыру және олар туралы
ақпаратқа қол жеткізу
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Баланың сауалнамасы

"Бала туралы негізгі мәліметтер" бөлімі

Сауалнаманың нөмірі _____

Азаматтығы _____

Деректеме белгіленді _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Басқа елден келді _____

Ұлты _____

Мұрағат деректері _____

Жынысы _____

Тегі _____

Ана тілі _____

Аты _____

Діни көзқарасы _____

Әкесінің аты (бар болса) _____

Баланың әлеуметтік мәртебесі _____

Туған күні " ____ " _____ жыл

Әкесінің болмау себептері _____

Орналастырудың бала асырап алу

Анасының болмау себептері _____

ықтимал нысандары патронаттық тәрбиелеу

Жәрдемақы алуы асыраушысынан

айырылу

бойынша жәрдемақы

қамқоршылық (қорғаншылық)

мүгедектігі бойынша жәрдемақы

бала қабылдайтын отбасы

алименттерді өндіріп алуы

Некеден тыс туылған

нәресте

Қайта жетімдік

Фотосуреттер

"Есепке қою" бөлімі

Бастапқы есепке қою күні " ____ " _____ жыл

Бастапқы есепке қою нөмірі _____

Бастапқы есепке қоюды ұйымдастыру _____

Өңірлік есепке қою күні " ____ " _____ жыл

Өңірлік есепке қою _____

Өңірлік есепке қоюды ұйымдастыру _____

Орталықтандырылған есепке қою күні " ____ " _____ жыл

Орталықтандырылған есепке қою нөмірі _____

Қайдан _____

(отбасы, перзетхана, арухана, Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы, көше (вокзал және т.б.), пана үйі, балалар үйі)

Түскен күні " ____ " _____ жыл

Қазақстан

Республиканың

Шетел

аумағы

Әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптаушысында автоматты Көше (шағын аудан) _____

түрде іздеу _____

Үй _____

Облыс _____

Аудан _____ Корпус _____
— _____
Елді мекен (ауыл, қала) _____ Пәтер _____
— _____

"Ата-аналары, аға-інілері мен апа-сіңілілері және басқа да туыстары" бөлімі

Аға-інілері мен апа-сіңілері туралы мәлімет

Биологиялық ата-аналары туралы мәлімет

Жақын туыстары туралы мәлімет

Аға-інілері мен апа-сіңілері туралы ақпарат

Кім болып келеді ағасы-інісі/апасы-сіңілісі	Анықталған адам жоқ/ия
жетім /ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала	Азаматтығы _____

Бірге тәрбиеленді	Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Балаға келіп тұрады	Тегі _____

	Аты _____

Бала тұрған мекеменің	Әкесінің аты (бар болса) _____
әкімшілігімен	_____
байланыс ұстайды	Туған күні " ____ " _____
	_____ жыл

Тіркелген мекенжайы	Тұратын мекенжайы	Байланыстар
	тіркелген мекенжайымен	
	сәйкес келеді	
Әкімшілік-аумақтық		
объектілер		
сыныптаушысында		Жұмыс телефоны _____
автоматты түрде іздеу _____	Әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптаушысында	жұмыс орны _____
_____ көше _____	автоматты түрде іздеу _____ көше _____	—
облыс _____	облыс _____ үй _____	Үй телефоны _____
үй _____	аудан _____ корпус _____	лауызымы _____
аудан _____	Елді мекені _____ пәтер _____	ұялы телефоны _____
корпус _____		E-mail _____
Елді мекен _____		
пәтер _____		

Биологиялық ата-аналар туралы ақпарат

Кім болып келеді анасы/әкесі	Анықталған адам жоқ/ия
Болмаған себептері: қайтыс болды	Азаматтығы _____
баладан бас тартты	Жеке сәйкестендіру нөмірі _____
ата-ана құқығынан айырылды	_____
іздеуде	Тегі _____
қамау орындарында болуы	
ұзақ уақыт емдеуде болуы	
ата-ана құқығының шектелуі	
хабарсыз кетті деп танылуы	

әрекетке қабілетсіз деп танылуы
бала ата-аналарынан айырылған
белгісіз
анасының сөзінен жазылған
баласын тастап кеткен
өмірдің қиын жағдайлары
сот шешімімен қайтыс болды деп танылған

Аты _____
Әкесінің аты (бар болса) _____
Туған күні " ____ " _____ жыл

Балаға келіп тұрады _____

Бала тұрған мекеменің әкімшілігімен
байланыс ұстайды _____

Тіркелген мекенжайы Тұратын мекенжайы

Әкімшілік-аумақ тіркелген
тық объектілер мекенжайымен
сыныптаушысы сәйкес келеді

нда автоматты түрде іздеу _____
_____ көше _____
облыс _____
_____ үй _____
_____ аудан _____
_____ корпус _____

Байланыстар

Жұмыс телефоны _____ жұмыс
орны _____
Үй телефоны _____ лауызымы
_____ ұялы телефоны _____ E-mail _____

Елді мекен _____ Елді мекен _____ пәтер _____
_____ пәтер _____

Жақын туыстары туралы ақпарат

Кім болып келеді әжесі

атасы
тәтесі
ағасы

Анықталған адам жоқ/ия

жетім /ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала

Азаматтығы _____

Бірге тәрбиеленді _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Балаға келіп тұрады _____

Тегі _____

Бала тұрған мекеменің
әкімшілігімен
байланыс ұстайды _____

Аты _____

Әкесінің аты (бар болса) _____

Туған күні " ____ " _____
_____ жыл

Тіркелген мекенжайы Тұратын мекенжайы
тіркелген мекенжайымен
сәйкес келеді

Байланыстар

Әкімшілік-аумақтық

объектілер

сыныптаушысында

автоматты түрде іздеу _____

_____ көше _____

облыс _____

үй _____

аудан _____

корпус _____

Елді мекен _____

пәтер _____

Әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптаушысында

автоматты түрде іздеу _____ көше _____

облыс _____ үй _____

аудан _____ корпус _____

Елді мекен _____ пәтер _____

Жұмыс телефоны _____

жұмыс орны _____

—

Үй телефоны _____

лауызымы _____

ұялы телефоны _____

E-mail _____

"Баланың медициналық картасы" бөлімі

Диагнозы

	Дені сау		Суми		Литтля синдромы
	Баланың церебралды сал ауру		Функционалдық систоалалық шу		Перинаталдық жүйке жүйесінің зақымдануы
	Гипоскиялық - ишемиялық энцифалопиясы		Кішкентай ми		Гемиплегиясы
	Бір қол-аяқтың салдануы		Мешел		Сөйлеу дамуының бөгейісі
	Психикалық-сөйлеу даму бөгейісі		Жүрек дамуының кіші аномалиялары		Ми дерттері
	Ағза көлемінің кішіреюі		Ақыл-ой кемтарлығы		Гипотирез
	Туа біткен саусақсыздық		Қан тамырының ісігі		Қояншық
	Гемимелия		Полимикрогирия		Голопрозэнцефалиясы
	Гипохромдық анемия		Церебрастениялық синдромы		Миотоникалық синдромы
	Шеміршек дамымауы		Аллергиялық дерматит		Аденоид
	Ергежейлік		Шала салдану		Параплегия
	Даун ауруы		Туберкулез жұқтырған		Иммун тапшылығы вирусіна шалдыққан
	Мерез		Ұшық		Қатты және жұмсақ таңдайының жарығы
	Шыжың				Шекаралық зияткерлік

			Мидың минимальді дисфункциясы		жетіспеушілігі тапшылығы
	Созылмалы гастрит		Темір- зарарлы анемиясы		Орталық жүйке жүйесінің зақымдануы

Қосымша диагноздары	
---------------------	--

Баланың денсаулығы туралы дәрігердің қорытындысы

Дәрігердің қорытынды шығарған күні		" ____ " ____ жыл
Баланың психологиялық және әлеуметтік дамуының ерекшелігі бойынша есеп		
Психологтың есеп жасаған күні	" ____ " ____ жыл	

"Мүлік туралы мәліметтер" бөлімі

	Мүлік
--	-------

Мүліктің түрі: жылжымайтын мүлік	Мүлік бойынша шешім: сату жалға беру ештеңе	
Мүліктің иесі: иесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Шарт туралы ақпарат	
Иелену құқығы: меншік құқығы негізінде жалпы меншік немесе үлестік құқығы		
Иелену құқығының мұраға құқықтылығы туралы куәлік пайда болу негізі: сыйлыққа беру шарты сатып алу/сату шарты жекешелендіру шарты жалға беру шарты		
Ауыртпалығының бар болуы: ия/жоқ		
Қорғау хаттының күні " ____ " ____ жыл		
Қорғау хатының № _____		

Мүліктің мекенжайы

	Қазақстан Республикасының аумағы		Шетел
--	--	--	-------

Әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптаушысында автоматты түрде іздеу _____
көше (шағын аудан) _____
облыс _____ үй _____
—
аудан _____ корпус _____
—

Елді мекен _____ пәтер _____

Мүлкінің бар болуы бар

жоқ

үлесі бар

Баспана алу үшін есепке қойылды алу үшін есепке қойылды

есепке қойылмаған

Баспана алу үшін есепке қойылған күні " _____ " _____ жыл

Мүліктің түрі: жылжымалы мүлік

Мүліктің түрі: қаржы қаражаттары

Мүліктің иесі: иесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Түрі: банктегі шоты Қаржы ұйымының бизнес-сәйкестендіру нөмірі

зейнетақы қорлары

депозит

басқа

Шоттың нөмірі	Қаржы ұйымының атауы
---------------	----------------------

Ескерту	
---------	--

"Құжаттар" бөлімі

Жеке басын куәландыратын құжаттар

Құжаттардың үлгісі: жеке куәлік Кім берген: Әділет министрлігі

туу туралы куәлік Ішкі істер министрлігі

паспорт Азаматтық хал актілерді тіркеу бөлімі

Әкімдік

Шетел мелекеттің тіркеу органы

Нөмірі _____ Берілген күні " _____ " _____

жыл

Сериясы _____

Қосымша

+ файлды таңдау				
№	Файлдың аты	Мөлшері	Жасалған күні	

Басқа құжаттар

Құжаттардың үлгісі: басқа Берілген күні " _____ " _____ жыл

Адасып қалған (тастанды) баланы жеткізу туралы акт

Ата-аналық құқықтардан бас тарту және бала асырап алуға келісім беру туралы

өтініш

Баланы денсаулық сақтау ұйымында тастап кету туралы акт

Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеу және құжаттандыру

туралы қолдаухат

Тұрғылықты мекенжайын анықтау туралы қолдаухат

Адасып қалған (тастанды) баланы жеткізу туралы актіде көрсетілген мекенжайға бару актісі

Баланың туыс-туғандарының бар-жоғы туралы анықтама

Жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйым басшысының асырап алуға келісімі

Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерде тұратын туыстарынан, Қазақстан Республикасының азаматтарынан асырап алуға ұсынылған балалардан бас тартуларын растайтын қолхаттары

Тууы туралы акт жазбасында балаланың әкесі туралы мәліметтер анасының өтініші бойынша жазылғандығын растайтын анықтама

Анасының қайтыс болғаны туралы куәлік

Әкесінің қайтыс болғаны туралы куәлік

Сот шешімі

Ата-аналық құқықтардан бас тарту және бала асырап алуға келісім беру туралы өтініш

Бала асырап алуға қамқоршының/ патронаттық тәрбилеушінің келісімі

Туынды ақпаратты жариялауға келісім

Атауы:

Қосымша

				+ файлды таңдау
№	Файлдың аты	Мөлшері	Жасалған күні	

Құжаттардың үлгісі: туынды ақпаратты жариялауға келісім Берген күні " ____ " ____
____ жыл

Баланың шешімі: келісті/ келіспеді

Атауы:

Қосымша

				+ файлды таңдау
№	Файлдың аты	Мөлшері	Жасалған күні	

"Фото альбом" бөлімі

Фотосуретті жүктеу

				+ файлды таңдау
№	Файлдың аты	Мөлшері	Жасалған күні	

"Оқу, ермегі" бөлімі

Мінезі

	көңілді, ақ жарқын, байсалды, салмақты, ұқыпты, жұмсақ, тілалғыш, байыпты,		ержүрек, ұялшақ абайы, күмәншіл
--	---	--	------------------------------------

Жеке қасиеттері	тез әсерленгіш, эмоционалды, ақылды, тәжірибелі, тәкаппар, өзін-өзі сынайтғыш,	Ерік-жігер қасиеттері	қыңыр, қайсар, батыл, тәуелсіз
Ақыл қабілеті	аңғарғыш, баяу, өткір ойлы, <i>оқымысты, білімді, білімпаз, талантты, дарынды</i>	Басқа адамдарға көзқарасы	мейірімді, жайдарлы, әділ, сенімді, турашыл, ашық, адал, салмақты, сенгіш, көпшіл, мейірбан, нәзік, жұмсақ, кішіпейіл, икемді, ақ көңіл, талапшыл, сыпайы, әдепті, зейінді, тәрбиелі
Меншікке қарым-қатынасы	қолы ашық, ақкөңіл, ұқыпты	Жұмысқа, оқуға көзқарасы	<i>жауапты, алаңғасар, сана лы, табанды, еңбекқор, тәртіпті, ұқыпты, жинақталған, міндетті</i>
Білімінің деңгейі	үйретілмеген, мектеп жоғары орта мамандарылған		

Ермегі, әуестенуі, қабілеттігі

Немен айналысады	
қабілеттері	

Жарыстарға, үйірмелерге, өзіндік әрекетіне қатысқан

"Асырап алуға берілгені туралы" бөлім

Баланы қабылдайтын әлеуетті ата-аналар

қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі
функцияларды жүзеге асыратын органның баланы
тандап алуға берген жолдамасының нөмірі

Бала асырап алуға үміткерлер сауалнамасының
нөмірі _____

Азаматтығы _____

қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі
функцияларды жүзеге асыратын органның баланы
тандап алуға берген жолдамасының күні

Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

" ____ " _____ жыл

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты (бар болса) _____

Туған күні " ____ " _____ жыл

Бас тарту _____

Тіркелген мекенжайы

Байланыстар

Қазақстан

Республикасының _____ Шетел _____

аумағы

Өкімшілік-аумақтық объектілер сыныптаушысында автоматты Жұмыс телефоны _____ жұмыс орны _____
түрде іздеу _____ көше _____

облыс _____ үй _____

Үй телефоны _____ лауызымы _____

аудан _____ корпус _____

ұялы телефоны _____ E-mail _____

елді мекен _____ пәтер _____

"Келу кестесі" бөлімі

Қосу

Аптаның күні: _____

_____ сағат _____ минуттан бастап

_____ сағат _____ минутқа дейін

Ағымдағы келу кестесі

"Қорғаншылық және патронаттық тәрбие" бөлімі

Қорғаншылық немесе патронаттық тәрбиелеуге берілген күні " _____ " _____

жыл Орналастыру нысаны: қорғаншылық

Қаулының шыққан күні " _____ " _____ жыл

Қаулының нөмірі _____

Комиссия қорытындысының күні " _____ " _____ жыл

Комиссия қорытындысының нөмірі _____

Қорғаншы туралы мәліметтер

Азаматтығы _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты (бар болса) _____

Туған күні " _____ " _____ жыл

Жәрдемақы алуы

Туысы

Тіркелген мекенжайы	Байланыстар
Қазақстан Шетел	
Республикасының аумағы	
Әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптаушысында автоматты түрде іздеу _____ көше _____	Жұмыс телефоны _____ жұмыс орны _____
облыс _____ үй _____	Үй телефоны _____ лауызымы _____
